

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі қылқан жапырақтылар мен сексеуіл екпелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге тыйым салу және оларды сақтау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 460 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2016 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабына сәйкес және қылқан жапырақтылар мен сексеуіл екпелерінің қурауына жол бермеу, сондай-ақ ормандарды заңсыз ағаш кесуден қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р ғ а :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі қылқан жапырақтылар екпелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін т ы й ы м с а л ы н с ы н .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.08.2013 N 815 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Облыс әкімдері заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарын плантацияда өсіру жөніндегі, сондай-ақ жеке меншік орман өсіру үшін жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жер учаскелерін беру жөніндегі жұмысты ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

3) жыл сайын, 10 маусымға және 10 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне ормандарды заңсыз ағаш кесуден қорғау жөнінде қабылданған шаралар және ағаш пен бұта тұқымдыларын плантацияда өсіру туралы ақпарат

б е р с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.08.2013 N 815 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2) ормандарды заңсыз ағаш кесуден қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын бақылауды және құрылып жатқан ағаш пен бұта тұқымдары плантацияларының есепке алынуын ұйымдастырсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.08.2013 N 815 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. "Қазақстан Республикасында сексеуіл екпелерін сақтау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 тамыздағы N 942 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 28, 318-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Н.Ж. Қаппаровқа жүктелсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.08.2013 N 815 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі